

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
МЕДЕУ АУДАНДЫҚ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН
2017 ж. "10" 11 откізілді
№ 12575-1910-06-АҚ куәлік
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА
"10" 11 20 17 г.
свидетельство № 12575-1910-06-АД
БСН/БИН 120540008969

« 16 » қауан 2017 ЖЫЛҒЫ
«Joint Resources» ЖШС
Жалғыз қатысушысының шешімімен
БЕКІТІЛДІ

« 6 » қараша 2017 ЖЫЛҒЫ
«Joint Resources» АҚ
Жалғыз құрылтайшысының шешімімен
БЕКІТІЛДІ

«JOINT RESOURCES»
акционерлік қоғамының

ЖАРҒЫСЫ

Алматы қ., 2017

СМОТРИ
НА ОБОРОТЕ

1 БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

1. «Joint Resources» акционерлік қоғамы (бұдан әрі—Қоғам) «Joint Resources» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін акционерлік қоғамға қайта құру арқылы құрылды.

2. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне (бұдан әрі - Заңнама), сондай-ақ, осы жарғыға сәйкес жүргізеді

3. Қоғам коммерциялық ұйым болып табылады, Қоғамның қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

4. Қоғамның дербес балансы, банктік шоттары, өз атауы жазылған мөрі бар, мөртабандары бар болуы мүмкін, өз атауы жазылған бланкілері мен оның қызметін жүзеге асыруға қажетті өзге деректемелері бар.

5. Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімшарттар) жасай алады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды алуына және жүзеге асыруына, міндеттемелерді орындауына, сотта талапкер немесе жауапкер ретінде шығуына болады, сондай-ақ, Заңнамаға қайшы келмейтін өзге әрекеттерді жүзеге асыра алады.

6. Қоғам өзінің акционерлерінің мүлкінен оқшауландырылған мүлікке ие және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкінің шегінде ғана жауапкершілікті көтереді. Қоғамның акционерлері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және, Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде ғана Қоғам қызметіне байланысты залалдар тәуекелін көтереді.

7. Қоғам Заңнамада белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

8. Заңнамада көзделген тәртіппен Қоғам өзінің орналасқан жерінен тыс орындарда заңды тұлға болып табылмайтын және Қоғамның атынан және оның тапсырмасы бойынша олар туралы Ереженің негізінде іс-әрекет ететін филиалдарын (өкілдіктерін) ашуға құқылы.

2 БАП. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ

9. Қоғамның толық атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: «Joint Resources» Акционерлік қоғамы;
- 2) орыс тілінде: Акционерное общество «Joint Resources»;
- 3) ағылшын тілінде: Joint Resources Joint Stock Company.

10. Қоғамның қысқартылған атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: «Joint Resources» АҚ;
- 2) орыс тілінде: АО «Joint Resources»;
- 3) ағылшын тілінде: Joint Resources JSC

11. Қоғамның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., Медеу ауданы, Азербайев к-сі, 58.

12. Қоғамның қызмет ету мерзімі шектелмеген.

3 БАП. ҚОҒАМНЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ МӘНІ

13. Қоғамның мақсаты – пайда алу мақсатында дербес шаруашылық қызметін жүргізу.

14. Қоғамның қызмет мәні:

- активтерді басқару;
- инвестициялық қызмет;
- мұнай өңдеу;
- мұнай өнімдерін іске асыру;
- пайдалы қазбалардың кен орындарын барлау және өндіру;
- күрделі құрылыс;
- қоймалар мен өнеркәсіптік базаларды коммерциялық пайдалану;
- әртүрлі өнеркәсіптік және аграрлық инфрақұрылым объектілерін (зауыттарды, мұнай базаларын, элеваторларды және т.б.) пайдалану;
- қонақ үй кешендерінің, демалыс орындарының, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының, дүкендердің, шаштараздардың, химиялық тазарту орындарының, автожанармай құю орындарының желілерін және басқа әлеуметтік және тұрмыстық инфрақұрылым объектілерін пайдалану;
- өндіріс қалдықтарын және қайталама шикізатты жинау және қайта өңдеу;
- ғылыми, техникалық, экономикалық сараптама;
- өнеркәсіптік-техникалық мақсаттағы өнімдердің, халық тұтыну тауарларының өндірісі және іске асыру;
- инвестициялық жобаларды әзірлеу, несие-қаржылық қарым-қатынастарды орнату;
- құрылыс, жөндеу-құрылыс, құрастыру, қалпына келтіру, іске қосу-жөндеу, әрлеу жұмыстары;
- құрылыс материалдары мен конструкцияларын өндіру және өткізу;
- тұрғын үй-азаматтық және өнеркәсіптік мақсаттағы объектілердің құрылысы, жөндеу және пайдалану;
- жылжымайтын мүлікті сатып алу және сату;
- жылжымалы және жылжымайтын мүлікпен операциялар;
- жылжымайтын мүлік нарығындағы риэлтерлік қызметтер, кеңес беру қызметтері;
- импорт, экспорт;
- делдалдық қызмет;
- сыртқы экономикалық қызмет;
- консалтингтік қызметтер;
- жеке тұлғаларға, ұйымдарға, оның ішінде халықаралық, көлік қызметтері;
- экспедиторлық қызметтер;
- жүктерді тасымалдау;
- автокөлік құралдарының прокаты және қызмет көрсету;
- автокөлік құралдарын жөндеу;
- автокөлік қызметтері, автосервисті ұйымдастыру, автотұрақтарды, автосалондарды, автожуу орындарын, ТҚС ашу;
- автомобильдерді жеткізу және іске асыру;
- мұнайды, газды, мұнай өнімдерін және ЖЖМ сатып алу, өңдеу және іске асыру, табиғи монополия саласына қатысты қызметті қоспағанда, автожанармай құю станцияларын ұйымдастыру;
- сауда-саттық қызметі;
- жобалау қызметтері;
- дизайнерлік қызмет;
- жарнамалық қызметтер;
- полиграфия;

- сыртқы жарнама;
- жарнамалық роликтердің өндірісі;
- продюсерлік қызмет;
- кино, бейне, аудио және телеөнімдерінің өндірісі және іске асыру;
- әртүрлі бағыттағы конкурстарды өткізу;
- сауда және сауда-делдалдық қызмет;
- көтерме, бөлшек және комиссиялық сауданы ұйымдастыру;
- дүкендердің, супермаркеттердің, сауда орындары мен сауда үйлерінің желісін ұйымдастыру;
- техниканы, перифериялық және кеңсе жабдықтарын сатып алу және іске асыру;
- баспа қызметі;
- құрылыстарды немесе жеке үй-жайларды жалдау, жалға және қосалқы жалдауға тапсыру;
- қонақ үй бизнесі;
- халыққа, кәсіпорындарға, ұйымдарға әртүрлі сервистік және тұрмыстық қызметті ұйымдастыру;
- азық-түлік өнімдерін, халық тұтынатын тауарларды және өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді өндіру, сатып алу, сақтау, қайта өңдеу және іске асыру;
- қоғамдық тамақтандыру орындарын (шағын наубайханаларды, дүкендерді, мейрамханаларды, жазғы кафелерді, асханаларды, аспазхананы, барларды, кәуапханаларды, дәмханаларды) ұйымдастыру;
- полиграфиялық, жарнама өнімдерін, электронды аппаратураны, білдектерді, жабдықтарды және басқа техниканы өндіру, сатып алу, сақтау және іске асыру;
- барлық қызмет түрлерін көрсету, оның ішінде: ғылыми-зерттеу, жобалау, конструкторлық, іздестіру, аударма, өкілдік, есептеу, анықтамалық-ақпараттық, маклерлік, басқарушылық, комиссиялық, безендіру, ұйымдастыру;
- сондай-ақ Заңнамамен тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлері.

Заңнамада белгіленген тәртіппен алынуы тиіс лицензияның немесе рұқсаттың қандай да бір түрін талап ететін қызмет түрлері тиісті лицензияны немесе рұқсаттың өзге түрін алған соң ғана жүзеге асырылады.

4 БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

15. Қоғамның Жалғыз акционері құқылы:

- 1) Заңда және (немесе) Қоғамның жарғысында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның жарғысында айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
- 4) Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның Қоғамның бағалы қағаздарына меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 5) Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға;
- 6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуға;
- 7) Заңның 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;
- 8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

- 9) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
 - 10) Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;
 - 11) Заңмен көзделген тәртіпте Қоғам акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауға;
 - 12) директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
 - 13) Қоғамның аудитін аудиторлық ұйыммен өз есебінен жүргізуді талап етуге;
 - 14) оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға бастамашылық етуге.
16. Жалғыз акционер Заңнамамен және Қоғамның Жарғысымен көзделген өзге де құқықтарға ие болады.
17. Қоғамның Жалғыз акционері:
- 1) акцияларды төлеуге;
 - 2) осы акционерге тиесілі акцияларды Қоғамның тіркеушісіне және нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;
 - 3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;
 - 4) Заңда және Заңнамада белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

5 БАП. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

18. Қоғам акцияларды және өзге бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Қоғамның бағалы қағаздарды шығару, айналысқа салу және өтеу талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасымен белгіленеді.
19. Қоғам жай акциялар, не жай және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.
20. Жай акция өзінің иеленушісіне Заңнамамен көзделген құқықтарды береді.
21. Акцияларды шығару, орналастыру, айналысқа салу шарттары мен тәртібі Заңнамамен белгіленеді.
22. Қоғаммен орналастырылатын акцияларды төлеуге ақша, мүліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншіктің объектілеріне құқықтар) және өзге мүлік салынуы мүмкін, Заңмен және Заңнамамен көзделген жағдайларды қоспағанда. Ақшадан басқа, өзге мүлікпен (бағалы қағаздарды қоспағанда) төлеу Заңнамаға сәйкес берілген лицензияның негізінде әрекет ететін бағалаушымен анықталатын баға бойынша жүзеге асырылады.
- Қоғаммен орналастырылатын акцияларды қор биржасында айналымдағы бағалы қағаздармен төлеу қор биржасының бағалы қағаздарын бағалау әдістемесіне сәйкес қор биржасында анықталатын нарық бағасы бойынша жүзеге асырылады. Акцияны төлеуге салынатын бағалы қағаздың мұндай түріне қатысты аталған әдістеме бойынша қор биржасымен есептелген мұндай бағалы қағаздардың нарықтық құны болмаған жағдайда, олардың құнын бағалау Заңнамаға сәйкес берілген лицензияның негізінде әрекет ететін бағалаушымен жүзеге асырылады.
- Егер Қоғамның орналастырылатын акцияларын төлеуге мүлікті пайдалану құқы салынатын болса, мұндай құқықты бағалау Қоғаммен оны пайдаланудың барлық мерзімі ішіндегі мұндай мүлікті пайдалану үшін төлем мөлшеріне сүйене отырып, жүзеге асырылады.
- Аталған мерзім аяқталғанға дейін мұндай мүлікті Жалғыз акционердің келісімінсіз алуға тыйым салынады.
23. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуді тіркеуші жүзеге

асырады.

24. Қосымша қаражаттарды тарту үшін Қоғам Заңнамаға сәйкес облигацияларды шығаруға құқылы.

25. Облигацияларды шығару, орналастыру, айналысқа салу, олар бойынша сыйақылар төлеу, облигацияларды өтеу жән оларды өткізуден түскен қаражаттарды пайдалану шарттары мен тәртібі Заңнамамен және облигацияларды шығару проспектісімен анықталады.

6 БАП. ДИВИДЕНДТЕР

26. Дивиденд акционердің өзіне тиесілі акциялар бойынша Қоғаммен төленетін кіріс болып табылады.

Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер ақшалай немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді, дивидендтерді төлеу туралы шешім Жалғыз акционермен қабылдануы шартымен.

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді бағалы қағаздармен төлеуге рұқсат етілмейді.

Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді оның бағалы қағаздарымен төлеу тек мұндай төлем Қоғамның жарияланған акцияларымен және олармен шығарылған облигациялармен акционердің жазбаша келісімі болған жағдайда жүзеге асырылуы шартымен рұқсат етіледі.

Дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтер төлеу басталатын күннің алдындағы күні жасалуға тиіс.

Төленбеген дивидендтері бар акцияларды иеліктен алу, егер акцияларды иеліктен алу туралы шартта өзгеше көзделмесе, акцияның жаңа иесінің оларды алу құқығымен жүзеге асырылады.

27. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жылдың қорытындысы бойынша жүзеге асырылады. Жалғыз акционермен тоқсан немесе жартыжылдық қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдануы мүмкін.

28. Қоғамның жай акциялары бойынша тоқсан немесе жартыжылдық қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу тек қана Қоғамның тиісті кезең үшін қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін және Жалғыз акционердің шешімімен жүзеге асырылады. Жалғыз акционердің жай акциялар бойынша тоқсан немесе жартыжылдық қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде бір жай акцияға төленетін дивиденд мөлшері көрсетіледі.

29. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс.

30. Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға, оны қабылдаған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялауға құқылы.

31. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде мынадай мәліметтер болуға тиіс:

- 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де реквизиттері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;
- 4) дивидендтер төлеудің басталатын күні;
- 5) дивидендтер төлеудің тәртібі мен нысаны.

32. Дивидендтерді төлеу қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесінде акционердің маңызды деректемелері туралы мәліметтер болған жағдайда, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданған кезден бастап тоқсан күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуы тиіс.

Акционердің маңызды деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесіне ол туралы қажетті мәліметтерді енгізуді растайтын құжатпен акционердің қоғамға өтініш білдіру сәтінен бастап тоқсан күн ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

33. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу жылдың қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

34. Қоғамның бір артықшылықты акциясына дивидендтердің кепілді мөлшері бір артықшылықты акцияға 1 (бір) теңгені құрайды.

Дивидендтерді төлеу қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде акционердің маңызды деректемелері туралы мәліметтер болған жағдайда, дивидендтерді алу құқына ие акционерлердің тізімін жасау күнінен бастап тоқсан күннен кеш емес жүзеге асырылуы тиіс.

Акционердің маңызды деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдері жүйесіне ол туралы қажетті мәліметтерді енгізуді растайтын құжатпен қоғамға акционердің хабарласу сәтінен бастап тоқсан күн ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеу Қоғамның органының шешімлерін талап етпейді.

Қоғамның бір артықшылықты акциясына дивидендтердің кепілдікті мөлшері, оның ішінде артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу мерзімділігі Қоғаммен артықшылықты акцияларды шығару қажеттілігі туралы мәселені шешу кезінде Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді. Жалғыз акционермен мұндай шешімды қабылдау жағдайында, Қоғам Заң талаптарына сәйкес Жарғыға тиісті өзгертулерді енгізуі тиіс.

35. Артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшері осы кезең үшін жай акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшерінен аз болмауы тиіс.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу дивидендтерді алу құқына ие, және олар бойынша қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде маңызды деректемелер бар акционерлердің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді толық төлегенге дейін жүзеге асырылмайды.

36. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу мерзімінің басталуы алдындағы бес жұмыс күні ішінде Қоғам бұқаралық ақпарат құралдарында жарғының 30-тармағының 1), 2), 4), 5) тармақшаларында тізіп келтірілген мәліметтерді көрсете отырып, дивидендтер төлеу, сондай-ақ Қоғамның бір артықшылықты акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері туралы ақпарат жариялауға міндетті.

37. Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Қоғам Жалғыз акционері Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

38. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша:

1) өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе не аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтерді есепке жазуға жол берілмейді.

7 БАП. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

39. Қоғам органдары болып табылады:

1) жоғары орган – Жалғыз акционер;

- 2) басқару органы - Директорлар кеңесі;
- 3) жеке атқарушы орган – Бас директор;
- 4) бақылаушы орган – Ішкі аудит қызметі (Жалғыз акционермен оны құру туралы шешім қабылданған жағдайда).

8 БАП. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ

40. Жалғыз акционер жыл сайын қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде Заңның 35 бабына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзырына жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға міндетті. Аталған мерзім есепті кезең үшін Қоғамның қызметіне аудитті аяқтау мүмкін болмаған жағдайда үш айға дейін созылған ретінде саналады.

41. Жалғыз акционердің құзырына жатқызылған мәселелерді дайындау Бас директормен, онымен жасалған шартқа сәйкес Қоғамның тіркеушісімен, Директорлар кеңесімен, тарату жағдайында – Қоғамның тарату комиссиясымен жүзеге асырылады.

42. Заңнамамен Жалғыз акционердің қарастыруына мәселелерді міндетті шығару жағдайлары қарастырылулары мүмкін.

43. Заңның 35 бабының 2 тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзырына жатқызылған мәселелерді Жалғыз акционердің қарастыруына шығаруға Директорлар кеңесімен бастамашылық жасалады.

44. Жалғыз акционердің қарастыруына мәселелерді шығару бойынша шығындарды Қоғам көтереді, Заңмен белгіленген жағдайларды қоспағанда.

45. Жалғыз акционердің қарастыруына шығарылатын мәселелер бойынша материалдарда аталған мәселелер бойынша негізделген шешімдерді қабылдау үшін қажетті көлемде ақпарат болуы тиіс.

46. Қоғамның органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдар ұсынылатын кандидаттар туралы келесі ақпараттан тұруы тиіс:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша – әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) Қоғамдағы аффилирленуі туралы мәліметтер;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен алған қызметтері туралы мәліметтер;
- 5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын басқа ақпарат.

47. Заңның 44 бабының 3 тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының құзырына жатқызылған мәселелер бойынша материалдарға кіргізілуі тиіс:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі;
- 2) жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есеп;
- 3) өткен қаржы жылы үшін Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі бір жылдағы дивидендтердің мөлшері туралы директорлар кеңесінің ұсыныстары;
- 4) Директорлар кеңесінің қарап шешуі бойынша өзге құжаттар.

48. Жалғыз акционердің шешімдері атқарушы органның орналасқан жері бойынша сақталулары және Жалғыз акционерге танысу үшін кез келген уақытта берілулері тиіс. Жалғыз акционердің талап етуі бойынша оған шешімнің көшірмесі немесе Жалғыз акционердің шешімінен үзінді көшірмелер беріледі.

9 БАП. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЫ

49. Жалғыз акционердің айрықша құзырына келесі мәселелер жатқызылады:

- 1) Қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;
- 2) кодекс қабылданған жағдайда, корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
 - 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;
 - 6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
 - 7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;
 - 8) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 9) Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның өкілін және мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
 - 10) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
 - 11) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін бекіту;
 - 12) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
 - 13) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
 - 14) Қоғам акцияларының листингі және ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
 - 15) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
 - 16) Қоғам акцияларды Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту;
 - 17) Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін анықтау, оның ішінде, егер мұндай тәртіп Қоғамның жарғысымен анықталмаған болса, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;
 - 18) «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;
 - 19) нәтижесінде елу және одан көп пайыз иеліктен шығарылатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылдау күніне құны Қоғамның активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінен елу және одан көп пайызды құрайтын мүлік Қоғаммен иеліктен шығарылатын (шығарылуы мүмкін) ірі мәмілені Қоғаммен жасау туралы шешім қабылдау;
 - 20) олар бойынша шешім қабылдау Заңмен және Қоғамның жарғысымен Жалғыз акционердің айрықша құзырына жатқызылған өзге мәселелер.
50. Олар бойынша шешім қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзырына, басқа органдардың, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзырына жатқызылған мәселелерді табыстауға рұқсат етілмейді, егер Заңмен және Заңнамамен өзге көзделмеген болса.
51. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

10 БАП. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

52. Заңда және (немесе) Қоғамның жарғысында Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

53. Директорлар кеңесі:

1) мүдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

54. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылулары тиіс.

Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар және сыйақылар;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер;

5) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

Осы тармақтың бірінші бөлімінде санамаланған мәселелерді қарастыру, директорлар кеңесінің жеке комитетімен қарастырылатын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіптік білімі бар сарапшылардан тұрады.

Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжатында белгіленеді.

55. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау тәртібі заңмен белгіленеді. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттары Жалғыз акционердің және Қоғамның мүддесінде Директорлар кеңесінің мүшелерінің міндетін орындау үшін қажетті біліктілікке және тиісті жұмыс тәжірибесіне ие болулары тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшелері Заңға және (немесе) Қоғамның жарғысына сәйкес оған жүктелген қызметтерді орындауды басқа тұлғаларға табыстауға құқылы емес.

56. Атқарушы органның басшысы Директорлар кеңесінің төрағасы ретінде сайлана алмайды.

57. Директорлар кеңесінің мүшелерінің саны үш адамнан кем құрамауы тиіс. Қоғамның директорлар кеңесінің құрамынан отыз пайыздан кем емес бөлігі тәуелсіз директорлар болулары тиіс.

Жалғыз акционердің Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы шешімінде Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысының Жалғыз акционердің өкілі, тәуелсіз директор болып табылатындығы көрсетілуі тиіс.

58. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шексіз рет қайта сайлана алады, егер өзге Заңнамамен көзделмеген болса.

59. Директорлар кеңесінің мүшелері бес жылдан көп емес мерзімге сайланады. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционерлер Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау сәтінен бастап аяқталады.

60. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттіктері Жалғыз акционермен оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдау сәтінен бастап тоқтатылады.

61. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

62. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелерінің қатарынан Жалғыз

қатысушының шешімімен сайланады.

63. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ Қоғам жарғысында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

64. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

65. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе атқарушы органның бастамасы бойынша, не:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) Жалғыз акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

66. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен атқарушы органға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын Директорлар кеңесінің төрағасы немесе атқарушы орган, егер Қоғам жарғысында өзгеше мерзім белгіленбесе, шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған адамды міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі айқындайды.

67. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде жеті күнтізбелік күн бұрын беріледі.

Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле жасасу жөнінде шешім қабылдау туралы мәселелер қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ бағалаушының есебі (Заңның 69-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда) қамтылуға тиіс.

Қоғамның мәміле жасауына қызығушылық білдірген тұлғалар жазбаша түрде Директорлар кеңесінің назарына Заңның 72-бабында көрсетілген ақпаратты ұсынуы керек. Заңның 72-бабында көрсетілген ақпарат Қоғамның Директорлар Кеңесіне жолданатын материалдарға қосылады.

68. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы атқарушы органға алдын ала хабарлауға міндетті.

69. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем емес кұрайды.

70. Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны жарғыда белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Директорлар кеңесі акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің мұндай кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

71. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Заңмен өзге көзделмеген болса, жиналысқа қатысып отырған Директорлар кеңесінің мүшелерінің көпшілік жай дауыстарымен қабылданады.

Дауыстар тең түскен жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

72. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

73. Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімдер қабылдауы сырттай дауыс беру арқылы жүргізіледі. Осындай шешімдерді қабылдау тәртібі Қоғамның ішкі құжаттарымен көзделеді.

74. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған ретте шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады.

75. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және оған Директорлар кеңесінің хатшысы мен төрағасының қолы қойылуға тиіс.

76. Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс, оған осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдердің көшірмелері қоса тіркеледі.

77. Директорлар кеңесінің көзбе-көз тәртіпте өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық еткен адам мен Директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюға және онда:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауысқа қойылған мәселелер және Директорлар кеңесінің әр мүшесінің Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген осы мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.

78. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдер Қоғамда сақталады.

Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімдердің Қоғамның уәкілетті қызметкері қол қойып және Қоғам мөрінің (ол болған кезде) бедерімен куәландырылған үзінді көшірмелерін беруге міндетті.

79. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қоғамның Директорлар кеңесінің Заңда және Қоғамның жарғысында белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

11 БАП. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ

80. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

- 1) Қоғамның қызметінің басым бағыттарын және қоғамның даму стратегиясын анықтау немесе Заңнамамен көзделген жағдайларда қоғамды дамыту жоспарын бекіту;
- 2) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

5) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту, олардың мүшелерін сайлау, сондай-ақ директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережені бекіту;

6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

7) Қоғамның Бас директорын сайлау, Қоғамның атынан Қоғамның Бас директорымен еңбек шартын жасауға уәкілетті тұлғаны анықтау, сондай-ақ Бас директордың қызметін бақылау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

8) Бас директордың лауазымдық айлығының мөлшерін және еңбек ақу және сыйақы төлеу шарттарын анықтау;

9) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

10) корпоративтік хатшыны (хатшыны) тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының (хатшының) лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

11) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

14) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;

15) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

17) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызы болатын шамаға көбейту;

18) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

19) оларды жасау туралы шешім Заңның 36 бабының 1 тармағының 17-1) тармақшасына сәйкес қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысымен қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

20) Заңның нормаларына және (немесе) Қоғамның жарғысына сәйкес Жалғыз акционердің айрықша құзырына жатқызылмаған өзге мәселелер.

Тізімі берілген жарғының 80 тармағымен белгіленген мәселелер атқарушы органға шешу үшін тапсырылмайды.

12 БАП. ҚОҒАМНЫҢ БАС ДИРЕКТОРЫ

81. Ағымдағы қызметке басшылық ету Қоғамның Бас директорымен жүзеге асырылады.

82. Бас директор Қоғам қызметінің Заңда, Заңнамада және Қоғамның жарғысында

Қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселесі бойынша шешім қабылдауға құқылы.

83. Бас директор Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін тиісті жолмен орындауға міндетті.

84. Егер мәміле жасасу кезінде тараптардың Қоғам белгілеген шектеулер туралы білгендігін дәлелдесе, Қоғам өзінің атқарушы органы осы шектеулерді бұза отырып жасаған мәміленің жарамды екеніне дауласуға құқылы.

85. Бас директор атқарушы орган басшысының не басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функциясын жеке дара жүзеге асыратын адамның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

86. Қоғам атынан Қоғамның Бас директорымен жасалатын еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе осыған Жалғыз акционер немесе Директорлар кеңесі уәкілеттік берген адам қол қояды.

87. Қоғамның Бас директоры:

1) Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

4) Қоғам қызметкерлерін (Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, атқарушы орган мен Қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;

5) осы жарғыға сәйкес Қоғамның банктік, қаржылық және өзге құжаттарға қол қою құқығына ие;

6) Қоғамның атынан осы жарғыда белгіленген шектеулерді ескере отырып, мәмілелер жасайды (шарттарға қол қояды);

7) банк шоттарын ашады және осындай шоттар бойынша Қоғам атынан Қазақстан Республикасының банктерінде және шетелдік банктерде Заңнама талаптарын сақтай отырып банктік операциялар жүргізеді, егер бұл Қоғамның шаруашылық қызметін жүзеге асыру үшін қажет болса;

8) Қоғамның бюджеттерін дайындауды және іске асыруды жүргізеді және олардың орындалуы үшін жауапкершілікті алады;

9) Қоғамның қызметкерлерінің лауазымды нұсқауларына қол қояды және бекітеді;

10) Қоғам жарғысында және Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге де функцияларды, сондай-ақ Заңнамамен тыйым салынбаған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

13 БАП. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

88. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері директорлар кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.

89. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді.

